

Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 231 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2022 жылдың 11 шілдедегі № 239 қаулысы Шалқар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 231 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Шалқар ауданы, Кішіқұм ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 46084 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "Тау-Кен Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамымен (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшері 20 % (жиырма пайыз)) және "Қазақстан Фортескью" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшері 80 % (сексен пайыз)) пайдалы қазбаларды барлау үшін 2026 жылдың 21 ақпанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін."

2. "Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданы
әкімінің міндетін атқарушы*

Қ. Ақшолақ